

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 3, Number 307 (2016), 202 – 206

**REVIEW OF FOOD SECURITY INDICATORS  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

**A.B. Irkitbayeva**

«Turan» University, Almaty, Republic of Kazakhstan  
[assol222@mail.ru](mailto:assol222@mail.ru)

**Key words:** food security, agriculture, economical, physical availability, indicators

**Abstract.** This article discusses the issues of food security. The author made an overview of the economic and physical accessibility indicators. Analyzing the indicators of physical and economic accessibility have been identified weaknesses, which create barriers to ensure physical and economical availability, are possible solutions. In addition, the article focuses on agriculture, standard of living, the money income and expenditure of the population, on the formation of a living wage in the country.

ӘОЖ 327

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК  
ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ИНДИКАТОРЛАРЫНА ШОЛУ**

**А.Б. Иркимбаева**

Тұран университеті, Алматы қ, ҚР

**Түйін сөздер:** азық-түлік қауіпсіздігі, ауыл шаруашылығы, экономикалық, физикалық қол жетімділік, индикаторлар.

**Аннотация.** Бұл мақалада елдегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету сұрақтары қарастырылған. Экономикалық және физикалық қол жетімділікті қамтамасыз ететін индикаторларына шолу жасалынды. Автор елдің азық-түлік қауіпсіздігінің деңгейіне әсер ететін индикаторларын талдап, алынған зерттеулер нәтижесінде, осал жақтарын анықтап, оны өзіндік мүмкін болатын шешу жолдарын ұсынып отыр. Сонымен қатар, мақалада елдегі негізгі ауыл шаруашылық өнімдерінің көлемі және халықтың тұрмыстық деңгейін көрсететін, халықтың ақшалай табыстары мен шығыстарына, өмір сүру минимумына экономикалық шолу жасалынды.

Елбасы өзінің халыққа «Қазақстан-2050» жолдауында азық-түлік мәселені жаһандық сын-қатер деп атап кетті [1]. Яғни, бұл мәселе ХХІ-ң өзекті мәселесі. Бұл мәселені шешуге жыл сайын азық-түлік және ауыл шаруашылық халықаралық ұйымы Рим қаласында үнемі есеп беріп отырады.

Бүгінгі күні дүние жүзі бойынша азық-түлікпен қамтамасыз ету деңгейі ең төмен елдер қатарына Африка және Оңтүстік Шығыс Азия елдері кіріп отыр [2]. Бұл мәселені терең қарастыру әлемдік деңгейде ХХ ғасырдың 70-жылдардағы аграрлық тоқыраудан кейін басталды және ол өзекті мәселеге айналды. Осы азық-түлік мәселесі жөнінде, отандық экономист-ғалымдар: Кайгородцев А.А., Бимендиева Л.А., Оспанов Э.С., Есполов Т.И. өздерінің еңбектерінде айтып кеткен болатын. Сонымен бірге шетелдік авторлар: Ломакин В.К., Назаренко В.И., Афанасьев С.Г., Edward Clay, Dr. Per Pinstrup-Andersen, Amartya Sen еңбектерінде азық-түлік қауіпсіздігі туралы баяндалады. Мақаланың басты мақсаты Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігінің деңгейіне әсер ететін индикаторларды анықтап талдау және оны жоғарлатудың жолдарын қарастыру. Бұл зерттеулер, азық-түлік мәселесіндегі айқын фактілерді анықтап және оны түсінуге, азық-түлік индексін көтерудегі болжамдау жұмыстарына көмегін береді. Сонымен бірге, елдің ауыл шаруашылығындағы өзекті мәселелеріне көңіл баулу сұрақтары қарастырылған.

Аграрлық тоқыраудан кейін, әлемде азық-түлік мәселесі мыңжылдық жоспарлардың жаһандық мәселесіне айналды. Яғни, басты сұрақ – ауыл шаруашылығының деңгейін көтермей, біз азық-түлік қауіпсіздігін деңгейін көтермейміз.

Ауыл шаруашылығы елдің басты саласы ретінде Кеңес үкіметі кезеңінде қойылған болатын. Дегенмен, жоспарлы экономика бұл мәселеге көбінесе «экстенсивті» жолмен қарап, 50-шы жылдары «Тың және тыңайған жерлерді игеру» кезеңінде 25 млн га астам жер жыртылып, нәтижесінде 9 млн га жуық жер эрозияға ұшыраған және пайдалануға жарамсыз болып қалған. Бұл ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерге түсірілген ауыр жүктеме болды. Ал сонымен бірге суғару мәселелері де толығымен шешілмей, бүгінгі күні су тапшылығы мәселесі туындап отыр. Су ресурстары Қазақстан республикасы үшін тапшы ресурс және ол перманентті қауіп ретінде елдің азық-түлік қауіпсіздігіне әсерін тигізеді [3]. Әр кезеңде, әр түрлі қиындықтар және жетістіктер болды.

Дегенмен, ауыл шаруашылығы табиғи-климаттық, аграрлық саясатқа, әлеуметтік инфрақұрылым дамуына, миграциялық, тіпті мәдени-психологиялық, этикалық факторларға байланысты болып отыр. Шетелдік ғалым Эдвард Клей, азық-түлік қауіпсіздігін көпөлшемді феномен ретінде қарастырады [4]. Әрине бір фактордың маңыздылығы жоғары деп айту, қате шешімге келу, бұл факторлар бір-бірімен тығыз байланыста. Мысалы психологиялық тұрғыдан алсақ, әр адамның салуатты өмір салтын жүргізу. Азық-түлік қауіпсіздігінің Римдік декларациясында берген соңғы анықтамасында былай деп беріледі: «Азық-түлік қауіпсіздігі – адамдардың салуатты өмір салтын қамтамасыз ететін қауіпсіз және құнарлы азыққа әр уақытта физикалық және экономикалық қол жетімділігі» [5]. Британдық экономист-ғалым Нобель сыйлығының лауреаты Амартия Сен азық-түлікке қол жетімділік туралы сұрақтарын экономикалық, әлеуметтік-этикалық жағынан қарастырған.

Біз Римдік декларацияда берілген анықтамаға сүйене отырып, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін физикалық және экономикалық қол жетімділік индикаторларын қарастыруды жөн көрдік. Әсіресе, бұл сұрақ экономикалық тұрғыдан қарастырылған. Дедуктивті әдісті қолдана отырып, біздің елдің экономикалық қол жетімділігі – халықтың төлем қабілеттілігінде, төлем қабілеттілік – елдегі азық-түлік баға деңгейінде, халықтың табыстары мен шығындары арасындағы арақатынасында, баға деңгейі – әлемдік нарықтағы жағдайға, оның өзі климаттық, саяси жағдайларға байланысты. Яғни, қол жетімділік ішкі және сыртқы факторларға тәуелді. Бүгінгі күні, отандық азық-түлік өндірушілерінің өнімдерінің өзіндік құны, импорттық өндірушілерге қарағанда әлде қайда жоғары. Импорттық азық-түлік үлес салмағы БҰҰ-н азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымының шекті ұсынысынан 37% жоғары [6]. Оның себебі өнім жоғарғы бәсекеге төзімді емес. Яғни, бізде азық-түлік тәуелсіздік сұрақтары толығымен шешілмеген. Бұл сала инвестицияларды тарту жағынан төмен қызығушылық білдіреді. Күрделі мәселенің бірі, Т.И. Есполов бойынша экономикадағы ұсақ-тауарлы сектордың сақталуы [7]. Ауыл шаруашылық жердің көп бөлігі кішігірім шаруа қожалықтарының иелігінде, олардың алатын өнімділігі төмен. Сондықтан, еліміздің аграрлы саладағы ғалымдар кооперация жөнінде бүгінгі күні көп сөз қозғауда.

Ауыл шаруашылығы саласының өндірілген өнімдер көлемі азық-түлік тәуелсіздіктің басты индикаторы болып есептеледі. Шығарылған ауыл шаруашылық өнім көлемі 2014 жылы барлығы 2527890,3 млн.тғ болды. Соның ішінде өсімдік шаруашылығынан түскен түсім көлемі 1327855,2 млн.тғ, ал мал шаруашылығынан түскен түсім 1189555,4 млн.тғ болды, ал саладағы қызметтен түскен түсімнің көлемі 10479,7 млн.тғ. Жан басына шаққанда орташа есеппен республика бойынша түсім 140000 теңге болды. Ең жоғарғы көрсеткіш Солтүстік Қазақстан тұрғындарына болды, оның себебі дәнді дақылдардан түскен түсім және тұрғындар саны есебінен. Мысалға, Солтүстік Қазақстан тұрғындарының саны 2014 жылдың соңына 571 759 адам болды, республика бойынша ең төмен халық саны осы облыста. Облыс бойынша 4 346 192 гектар жер дақылдарға тиесілі болды.

Ауыл шаруашылығының негізгі өнімдер көлемі статистикалық мәлімет бойынша жылдан жылға өсуде. Мысалы, 2014 жылы республикада өндірілген еттің сойылғаннан кейінгі салмағы 900,2 мың тонна болды, бұл 3,3% 2013 жылмен салыстырғанда жоғары (кесте 1).

Жоғарғы кестеден көріп отырғанымыздай, жалпы барлық өнімдер бойынша өнім көлемі өскен, дәнді дақылдар бойынша 33,4%, көкөніс дақылдары 13,3 %, картоп 9 %, майлы дақылдары 1,6 есеге өскенін көреміз. Олай болу себебі егіс алқаптары және өнімділіктің өсуінен болып отырған. Мысалы, майлы дақылдар егістік көлемі 24% өскен, ол 2299,5 мың гектар жерге егілген болатын. Дегенмен, бұл көрініс азық-түлік мәселесін шешуде әлі де болса, шешімін тапқан жоқ. Өсу тенденциясына қарамастан, алынған өнімнің өзіндік құны жоғары, өнімділік импорттық өнімге қарағанда әлде қайда төмен. Мысалы, дәнді-дақылдар өнімділігі елде орташа 10-17 ц/га болса, ал шет елдерде оның өнімділігі 50-80 ц/га. Төменгі өнімділік вегетация кезеңіндегі құрғақшылық ауа-райындағы болған жайдайлар кезінде Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарында байқалған. Мысалы, төменгі өнімділік, өнім сапасына әсерін тигізбек, соның нәтижесінде дәнді-дақылдар өндіруші шаруаларды қаржыландыратын банктер, өнімді жинауға тікелей қатысу шараларынан бас тартуы мүмкін.

Кесте -1 Негізгі ауыл шаруашылық өндірілген өнімдер көлемі


Өнімдер аты	2012	2013	2014	2014жылдың 2012жылға % қатынасы
Ет тірідей салмақта, мың тонна	1509,4	1548,7	1602,5	106,1
Ет сойылған салмақта, мың тонна	844,7	871,0	900,2	106,5
Сүт, мың тонна	4851,6	4930,3	5067,9	104,4
Жұмыртқа, млн. дана	3673,4	3896,0	4291,2	116,8
Дәнді дақылдар, мың тонна	12864,8	18231,1	17162,2	133,4
Көкөніс дақылдары, мың тонна	3061,5	3241,5	3469,9	113,3
Картоп, мың тонна	3126,4	3343,6	3410,5	109
Майлы дақылдар, мың тонна	976,8	1498,0	1547,6	158,4

Ескерту: автормен статистикалық мәлімет негізінде жасалынды

Азық түлік қауіпсіздігі мәселесі физикалық және экономикалық қол жетімділік арқылы жүзеге асады. Ауыл шаруашылық өнімдерге физикалық қол жетімділік индикаторлары болып: ауылдық жерлердегі орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету қол жетімділігі (%), республикалық маңыздылығы бар, қанағаттандырылған автомобильді жолдың алатын үлесі (%), облыстық және райондық маңыздылығы бар, қанағаттандырылған автомобильді жолдың алатын үлесі (%), жеміс-жидек, көкөніс сақтайтын қоймалар саны, сауда саттық жасайтын орындармен қамтамасыз етілуі. Аталған индикаторлар бойынша, ауылдық жерлердегі орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету көрсеткіштері бойынша жергілікті атқарушы органдар мәліметіне сүйенсек 3 383 ауылдық тұрғылықты жерлер сумен қамтамасыз етілмеген, мұнда тұратын халық саны 1,7 млн адам. Ол барлық ауыл тұрғындарының ішінде 22% құрады. Ал осы су құбырларының 7,7% қайта ауыстыруды сұрайды.

Ауылдық шалғай аумақтарға азық-түлікті жеткізу шаралары бойынша автомобильді жолдардың 68% толық жөндеуді талап еткен. Ал азық-түлікті сақтау орындарының жетіспеушілігі, көкөніс дақылдары бойынша 300 000 тонна күш қуатты бар қоймалар, ал сонымен бірге азықтық өнімді сақтайтын 350 000 тонна күш қуатты қоймалар жетпей отыр. Сонымен бірге сауда-логистикалық орындар жетіспеушілігі де бақалады. Мысалы, 30 маусым 2011 жылы №734 Қазақстан Республикасының қаулысы бойынша, 1000 адам басына норматив 187 шаршы метр, ал нақтысы 141 шаршы метр болып отыр [8]. Осы шараларды толығымен жүзеге асыру үшін қомақты қаражат керек. Яғни, азық-түлікке физикалық қол жетімсіздік мәселесі бар, ал сонымен бірге экономикалық қол жетімділік мәселелері де туып отыр.


Ауыл шаруашылық өнімдеріне экономикалық қол жетімділік индикаторларына: халықтың азық-түлікке кететін ақшалай шығындары, халықтың ақшалай табыстары, азық-түлікке экономикалық қол жетімділік коэффициенті, азық-түлікке кететін шығындар үлесі, өмір сүру минимумынан төмен тұратын адамдар саны кіреді.



Сурет 1 – Халықтың ақшалай табыстары мен шығындарының өсу динамикасы, мың тг  
Ескерту: автормен статистикалық мәліметтер негізінде жасалған

Жоғарғы суреттен көрін отырғанымыздай, халықтың тұрмыстық шығындары адам басына орташа 2014 жылы 37131 теңге болды, бұл 2013 жылмен салыстырғанда 6,7% өскенін көрсетеді, ал 2001 жылмен салыстырғанда 8 есе өскен. Ең жоғарғы шығын сомасы 2014 жылы Алматы қаласында -58212 теңге, ал ең төменгі шығын сомасы Оңтүстік Қазақстан облысында – 24293 теңгені құраған. Ең жоғарғы табыс сомасы Алматы және Астана қаларына тиіп отыр. Ең төменгі табыс мөлшері Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарына келіп отыр. Мұнда халық тығыздығы республика бойынша жоғары. Оңтүстік Қазақстан облысындағы азық-түлік тауарларына кететін шығындардың төмен болу себептерінің бірі, мұндағы ауыл шаруашылық тауарларына бағалардың төмен болуынан. Сонымен бірге, облыста ауыл шаруашылық салада жұмыс жасайтын адамдар саны, басқа облыстармен салыстырғанда жоғары. Ауыл шаруашылық тауарлар 90 пайыз көлемінде өзінде өндіріледі. Мысалы, 2013 жылы ауыл шаруашылық жеріне 100 ға шаққандағы шығарылған өнім көлемі 7767,7 мың теңге болған және республика бойынша ең жоғарғы көрсеткіш. Оның басым бөлігі шаруа қожалықтары мен үй шаруаларына тиіген.

Қазақстан Республикасы бойынша 2015 жылы күнкөріс минимумы 19647 теңге болған, алдыңғы жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 3 пайызға өскен (сурет 2).



Сурет 2 – Қазақстан Республикасының күнкөріс минимумы мен тұтынушылық қоржын динамикасы, теңге  
Ескерту: автормен сатистикалық мәліметтер негізінде жасалынды

Жоғарғы суреттен көріп отырғанымыздай, күнкөріс минимумы ішінде тұтынушылық қоржын үлесі 60%. 2030 жылға дейін азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидасында, бұл мәліметтер нақты мәліметке келмейді дейді. Себебі, егер 2014 жылы күнкөріс мөлшері 11441 теңге болса, ол нақты кеткен шығындардан 3,9 есе төмен, мұндай бұрмалаған мәліметтер, бюджеттен төленетін төлемдердің дұрыс құрылуына әсерін тигізеді делінген. [8, 12 бет]. Дегенмен, ТМД елдерінің басқа елдерімен салыстырғанда, біздің азық-түлік қауіпсіздік деңгейіміз әлде қайда жоғары. Мысалы, Азербайжан, Украина, Өзбекстан, Таджикистан.

Жаһандық азық-түлік индексі «Economist» британдық журнал бөлімшесі 2012 жылдан бастап зерттеу жүргізген болатын, олар біздің елге 2015 жылы 56,8 деңгейін беріп отыр [2, 10 бет]. Халықаралық тәжірибеде, егер елдің азық-түлік деңгейі 80% болса, ол жақсы көрсеткіш болып есептеледі. Сондықтан, біздің алдымызда азық-түлік қауіпсіздігі бойынша шешілуге тиісті мәселелер тұр, жоғарғы индикаторларды талдай отырып оларға біз келесілерді жатқыздық:

- ауыз су құбырларын ауыстру, қайта жөндеу. Оның өзі жергілікті басқарушы органдарының ішкі және сыртқы инвестицияларды тартуы арқылы жобалар ұйымдастыру, мемлекеттік институционалды жобалардан тыс;

- шалғай аумақтарға азық-түлікті тасымалдау жолдарын жөндеу, транспорттық-логистикалық мәселелерді шешу. Әлеуметтік жобалар негізінде жеке кәсіпкерлер жобаларын ұйымдастыру;

- азық-түлікті сақтайтын қоймалар жетіспеушілігін шешу жолдарын қарастыру. Шаруа қожалықтары, әр түрлі шаруашылық нысанда іс-әрекет жүргізетін шаруашылықтардың қойма ассоциацияларын құру және осыған байланысты несие жеңілдіктерін қарастыру, кооперация мәселелерін қарастыру;

- экономикалық қол жетімділікті қамтамасыз етуде, әлеуметтік азық-түліктік тауарларына, тұрмысқа кететін нақты және айқын шығындар сомасын мемлекеттік реттеу;

- ауыл шаруашылығын басқаруда инновациялық шешу жолдарын қарастыру, яғни ауыл шаруашылығының өнімділігін көтеретін, сапалы өнім шығаратын, қоршаған ортаға зиянын тигізбейтін өнім өндіру бағытын жаппай ұстану, әлеуметтік жауапкершілік жобаларын жаппай іске қосу.

## ӘДЕБИЕТ

- [1] «Қазақстан – 2050» стратегиясы, Қазақстан Республикасының Президентінің жолдауы.  
[2] Global Food Security Index 2015, Report of the Economist Intelligence Unit, An annual measure of the state of global food security. 10-12 беттер.  
[3] Муталиева Л.М., Байтенова Л.М. Проблемные аспекты интеграционных процессов в формировании единой водно-энергетической системы в Центрально-Азиатском регионе//Новости науки Казахстана – 2014. №4(122).73 бет.  
[4] Trade reforms and food security: conceptualizing the linkages, Rome, 2003, 21 Chapter, by Edward Clay, 33 бет.  
[5] FAO. 1996. Rome Declaration on World Food Security and World Food Summit Plan of Action. World Food Summit 13-17 November 1996. Rome.  
[6] Кайгородцев А.А., Кирдасинова К. Продовольственная безопасность Казахстана: оценка состояния и пути обеспечения // Актуальные проблемы экономики – 2013. №6 (144).-247 бет.  
[7] Есполов Т.И., Сельскохозяйственная кооперация повысит продовольственную безопасность страны в условиях ВТО, 2015 [www.nauka.kz](http://www.nauka.kz).  
[8] Концепция обеспечения продовольственной безопасности Республики Казахстан до 2030 года (жоба), Астана, 2015, 11-17 беттер.

## REFERENCES

- [1] "Kazakhstan - 2050" strategy. Address by the President of the Republic of Kazakhstan.  
[2] Global Food Security Index 2015, Report of the Economist Intelligence Unit, An annual measure of the state of global food security. p. 10-12.  
[3] Mutaliev L.M., Baitenova L.M. Problematic aspects of the integration processes in the formation of a single water-power system in the Central Asian region // Kazakhstan Science news - 2014. №4 (122) .p. 73.  
[4] Trade reforms and food security: conceptualizing the linkages, Rome, 2003 21 Chapter, by Edward Clay, p.33.  
[5] FAO. 1996. Rome Declaration on World Food Security and World Food Summit Plan of Action. World Food Summit 13-17 November 1996. Rome.  
[6] Kaygorodtsev A.A., Kirdasinova K. Food security of Kazakhstan: assessment and ways of providing // Actual problems of economy - 2013. №6 (144) .- p. 247.  
[7] Espolov T.I. Agricultural cooperation will enhance the country's food security in terms of the WTO, [www.nauka.kz](http://www.nauka.kz). 2015.  
[8] The concept of food security of Republic of Kazakhstan till 2030 (project), Astana, 2015, p.11-17.

## ОБЗОР ИНДИКАТОРОВ ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ ПРОДОВОЛЬСТВЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

А.Б.Иркимбаева

Университет «Туран», г.Алматы, Республика Казахстан.

**Ключевые слова:** продовольственная безопасность, сельское хозяйство, экономикаческая, физическая доступность, индикаторы.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются вопросы по обеспечению продовольственной безопасности. Автором произведен обзор индикаторов экономической и физической доступности. Анализируя индикаторы физической и экономической доступности, были выявлены слабые стороны, препятствующие обеспечению физической и экономической доступности, даны возможные пути решения. Также в статье сделан акцент вопросам в области сельского хозяйства, уровня жизни населения, денежным доходам и расходам населения, вопросам по формированию прожиточного минимума в стране.

Поступила 25.04.2016 г.